**Тексерілді:**
«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасының
әдіскері А.Т.Уразмуханбетова

**Бекітемін:**
«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
директоры М.Н.Утешева
№1 педагогикалық кеңесте
«27» ---------- 2021 жыл

«Ботақан» ортаңғы тобы
Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Тәрбиешілер: Жамиева А.
Әбілова Г.

2021-2022 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

## Түсіндірме жазба

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің құралы әдебиет, оның ішінде көркем әдебиеттің көне жанры – ертегі.

Ертегінің көркем де жеңіл тілі баланың қиялына қанат бітіріп, арманын асқақтатып, еңбексүйгіштікке, адалдыққа, батылдыққа тәрбиелейді.

Сол себепті балаларға ертегі оқу арқылы сөйлеуге, өз ойларын әдемі жеткізіп баяндауға, тыңдағанын есте сақтап, мазмұндап айтуды үйретуге қолға алып отырмыз.

Балалардың білуге құмарлығы зор. Олар құбылтып айтқан ертегі, әңгімені сүйсіне тыңдайды.

Ертегі оқу арқылы балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне қорытынды жасай отырып, балаларды adамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын байыту, қоғамдық өмір туралы ұғымдарын кеңейту, эстетикалық сезімдерін ояту жүзеге асырылмақ.

Сканировано с CamScanner

## *Ертегілер елінде- 36 сағат*

### Балалардың қызығушылығына арналған оқу қызметіне тақырыптық жоспар

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Пайдаланыл-ған әдебиеттер |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ә.Тұрманжанов «Қайдан келдің бауырсақ?» өлеңі | Өлеңді оқып беріп, балаларға түсіндіру барысында сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Бауырсақтың дастарханға қандай еңбекпен келу жолдарын түсіндіру, нанды қастерлей білуге үйрету.үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу | 1 | хрестоматия |
| 2 | Бір үзім нан | Ертегіні оқи отыра, балалардың ойлау қабілетін арттырып,создің қорын молайту. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.Адам өміріндегі ең маңызды ас нан екенін ұғындыру.Тіл байлығын дамыту. | 1 | Аудио ертегілер жинағы |
| 3 | Бір уыс мақта әңгімесі | Балаларды әңгіме мазмұнын түсініп, мәнерлеп айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту. | 1 | Ы.Алтынсарин Әңгіме мысалдары |
| 4 | Бір қазан сүт өлеңі | Өлеңді тыңдай білу қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 5 | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі (Фланелеграф театры) | Ертегіні түсіндіре отырып, балаларды достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.Ертегіні рөлге бөліп ойнауға баулу. | 1 | Ақылды балапан |
| 6 | «Әке мен бала» әңгімесі | Тыңдай білу, әңгімелей білу іскерліктерін, дағдыларын дамыту. Әңгіме мен ертегіні ажырата білуге үйрету.Үлкенді тыңдауға тәрбиелеу. | 1 | Ы.Алтынсарин Әңгіме мысалдары |
| 7 | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»ертегісі (Суреттер, картиналар театры) | Ертегінің мазмұнымен таныстыру, тілдерін жаттықтыру. Әрбір сөздің мән- мағынасын ажырату, сөздік қорын молайту.Сөйлеу мәдениетін дамыту,өз пікірлерін айтуға дағдыландыру. | 1 | Электронды оқулық |
| 8 | «Ұр,тоқпақ» ертегісі (суреттер театры) | Балаларға үлкенді тыңдауды, сыйлауды үйрету. Рұқсатсыз кісінің затына тиісуге болмайтындығын бойларына сіңіру. | 1 | Қазақ ертегілері |
| 9 | «Қызыл телпек» | Тыңдаған ертегіні естеріне сақтап, мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету. | 1 | Көркем әдебиет |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ертегісі(қасық театры) | Тіл байлықтарын дамыту. | | |
| 10 | «Кішкентай маса» ертегісі (қуыршақ театры) | Ертегіні түсіндіру арқылы қызығушылықтарын арттыру. Театрланған қойылым арқылы тілін дамытып, сөздік қорын молайту. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | Электронды оқулық |
| 11 | «Не дәмді» ертегісі (қыстырғыш театры) | Ертегіні таныстыру. Дәмнің айырмашылығын, пішінін айта білуге үйрету. Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, мән-мағынасын бұзбай., байланыстыра білуге үйретуді дамыту | 1 | Көркем әдебиет |
| 12 | «Дос іздеген бота» ертегісі (Үстел үсті театры) | Балалардың бойындағы ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын мәнеріне келтіріп ойнау қабілетін дамыту.Ертегі арқылы балаларды достыққа тәрбиелеу. | 1 | Ақылды балапан |
| 13 | «Жалқау мысық» ертегісі (саусақ театры) | Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектермен қарым-қатынастың ережелерін сақтауға үйрету, жалқаулық жаман әдет екенін кішкентай кездерінен ұғындыру | 1 | Ертегілер жинағы |
| 14 | «Ормандағы түлкінің туған күні» ертегісі (қасық театры) | Жабайы аңдар туралы білгендерін естеріне түсіру. Баланы ертегі кейіпкерлерін өздері айтуға, қимыл - қозғалыс, дауыс ырғағын келтіре білуге үйрету. | 1 | Электронды оқулық |
| 15 | «Үш аю» ертегісі (фланелеграф театры) | Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып,сөздік қорын молайту. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бірін-бірі сыйлауға үйрету. | 1 | Қазақ ертегілер жинағы |
| 16 | «Қияр мен қырыққабат» ертегісі (үстел үсті театры | Ертегі мазмұнымен таныстыру. Балалардың ойлау, көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Балаларды тиянақтылыққа, тәртіпке тәрбиелеу | 1 | Ертегілер жинағы |
| 17 | «Жыл басына таласқан | Балаларға ертегіні оқып беріп,оны мұқият тыңдап,мазмұнын айтып | 1 | Ақылды балапан |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | хайуанаттар» ертегісі (фланелеграф театры) | беруге үйрету.Балалардың сана-сезімін,ақыл -ойын,тіл байлығын дамыту.Балаларды әдептілікке, имандылыққа,тапқырлыққа тәрбиелеу | | |
| 18 | «Мақтаншақ қоян» ертегісі (қуыршақ театры) | Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Кейіпкерлерге мінездеме бере білуге және кейіпкерлердің іс - әрекетін орындай білуге үйрету, шығармашылыққа,батылдыққа тәрбиелеу. | 1 | Көркем әдебиет |
| 19 | «Саңырауқұлақ саясында» ертегісі (саусақ театры) | Балаларға саңырауқұлақтың тіршілігі жайында түсінік беру, ертегі мазмұны бойынша диалогты сөйлеуін қалыптастыру. Жәндіктердің, аңдардың тіршілігі туралы білім беру.Балаларды достыққа тәрбиелеу | 1 | Әжемнің ертегісі |
| 20 | «Қолғап» ертегісі (қуыршақ театры) | Балалардың халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын кеңейту.Тіл байлығын, ойлау қабілетін дамыту, эстетикалық талғамын жетілдіру. | 1 | Ертегілер жинағы |
| 21 | «Қойшы, түлкі және аю» ертегісі (қуыршақ театры) | Ертегі мазмұнымен таныстырып, сұраққа дұрыс жауап беріп, еркін әңгімелеуін дамыту.Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Балаларды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 | Әжемнің ертегісі |
| 22 | «Орман дәрігері» ертегісі(үстел үсті театры) | Балалардың құстар туралы білімдерін жетілдіру. Сана-сезімін,ақыл-ойын ,есте сақтау қабілетін дамыту, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу | 1 | Ақылды балапан |
| 23 | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі (фланелеграф театры) | Ертегі мазмұнымен таныстыру. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға баулу.Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. | 1 | Ертегілер жинағы |
| 24 | «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі (қасық театры) | Ертегіні тыңдата отырып, Қарлығаш адамға дос құс екенін, Дәуіттің адалдығын балаларға түсіндіру. Балаларды бір-біріне көмектесуге, қиналған кезде жәрдем беруге | 1 | Электронды оқулық |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | үйрету. | | |
| 25 | «Жақсылық пен жамандық» ертегісі (суреттер театры) | Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту. Жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге баулу. Ертегі арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу | 1 | Қазақ ертегілері |
| 26 | «Балықшы мен балық» ертегісі (үстел үсті театры) | Ертегінің мазмұнымен таныстыру. Балалардың ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу | 1 | хрестоматия |
| 27 | «Торғай мен түлкі» ертегісі (фланелеграф театры) | Өтілген ертегілерді еске түсіру, жаңа ертегінің мазмұнын тыңдауға қызығушылығын арттыру. Сөздік қорын, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | Ертегілер жинағы |
| 28 | «Төрт дос» ертегісі «Суреттер театры) | Балаларға ертегіні оқып беру. Ертегі мазмұнын өз сөздерімен айтып беруге үйрету арқылы тіл байлықтарын дамыту. Тәртіптілікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | Әжемнің ертегісі |
| 29 | «Қайырымды қоян» ертегісі (көлеңке театры) | Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі етіп, достыққа адал болу қажеттілігін түсіндіру. Тіл байлықтарын молайту. | 1 | Қазақ ертегілері |
| 30 | «Күшік пен мысық» (қасық театры) | Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп айтуға, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Дауыс көркемділігін дамыту балаларды үй жануарларын қорғай білуге тәрбиелеу. | 1 | Электронды оқулық |
| 31 | «Ақылды лақ» ертегісі (үстел үсті театры) | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. | 1 | Ақылды балапан |
| 32 | «Әтеш пен тоты» ертегісі (саусақ театры) | Ертегінің мазмұнын түсіну,өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. Құстар жайлы білімін кеңейту. | 1 | Ертегілер жинағы |
| 33 | «Гүлдердің таласы» ертегісі (фланелеграф | Балаларды көктем гүлдері мен олардың түрлерін ажырата білуге үйрету. Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, ертегі | 1 | Ақылды балапан |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | театры) | бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Табиғатқа, гүлдерге сүйіспеншілікпен қарауға оларды қамқорлауға тәрбиелеу. | | |
| 34 | «Құмырсқа мен көгершін» әңгімесі | Әңгіменің мазмұнын түсіну. Сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу. Жақсылық жасауға тәрбиелеу. | 1 | Хрестоматия |
| 35 | «Құмырсқаның қанағаты» ертегісі | Ертегі мазмұнын өмірмен байланыстыра отырып, шығармашылық қабілетін жетілдіру. Ауызбірлікке,ұйымшылдыққа, қанағатшыл болуға тәрбиелеу | 1 | Электронды оқулық |
| 36 | Ертегілер әлемі | Өтілген ертегілерді еске түсіру. Жыл бойына танысқан ертегілер арқылы өз білімдерін тиянақтау. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру | 1 | Ертегілер жинағы |

Сканировано с CamScanner